



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

БИН 080940008218, Кбе:16, ШИК: KZ676010111000020760 в АО “Народный Банк Казахстана”, БИК: HSBKCKZKX

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 95(33) Республика Казахстан, 010000, г. Астана, проспект Сары-Арка, 95(33)
Тел.:+7 (7172) 53-94-24, e-mail:rektorat@amu.kz

95(33), Saryarka str. Astana, 010000, Republic of Kazakhstan
Tel.:+7 (7172) 53-94-24, e-mail:rektorat@amu.kz

№ 281-н/к

23 30 мамыр

20 ж. « _____ » _____

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының» 2-тармағына сәйкес (бұдан әрі – СЖТІТ), Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға» және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Аппарат басшысының 2023 жылғы 16 наурыздағы бұйрығымен бекітілген №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытына (бұдан әрі - ҮББ-4), Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің кестесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Астана медицина университеті КеАҚ (бұдан әрі – «АсМУ» КеАҚ) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Университет қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) университет қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) университеттің ұйымдастыру-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Университет қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы осы бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2022 жылғы маусымнан 2023 жылғы маусымға дейін белгіленсін.

003370

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін басқару, үйлестіру және жауапкершілік «АсМУ» КеАҚ комплаенс-офицері С.К. Абдуллинге жүктелсін.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 2023 жылғы 01 маусымнан 2023 жылғы 31 шілдеге дейін белгіленсін.

7. Университет қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары осы бұйрықтың № 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау комплаенс-офицер С.К. Абдуллинге жүктелсін.

9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрағасы – Ректор



К. Надыров

